

### Тақырып: Пальтоға арналған материалдарды конфекционерлеу

Пальто бұйымдары жоғарғы форма сақтағыш конструкциялы көпқабатты жылуқорғағыш киімге жатады. Бұған қысқы, маусымдық әйел, еркек, бала пальтосы, жартылай пальтосы, күртешесі және тағы басқа кіреді. Қазіргі жылуқорғағыш киім, әсіресе қысқы бірнеше қабаттан тұратын күрделі пакеттен құралады: іш киім, жеңіл киім және материалдың толық пакеттерінен тұратын пальто, ол құрылымы, қасиеттері және орындайтын функциялары бойынша әртүрлі бағалы және әрмағыналы.

Жылу сақтағыш киімге конфекционды пакет таңдаудың тапсырмасы-мүмкіндігінше аз массада және пакетке ауа өткізе отырып, жылуға қарсылықты азайту. Бұнымен қоса, костюмді жоспарлағандай, бұйым пакетіне кіретін барлық материалға қойылатын бірлік принципі ұсынылады.

Пальто материалының қасиеттеріне қойылатын бір-бірімен байланысқан талаптар комплексті климаттық зонаға, сезонға және жыныс, жасқа қарай қойылады.

Барлық жағдайларда ең маңызды топтар эргономикалық көрсеткіш тобы, әсіресе пальтоға жылуқорғағыш қасиет беретін гигиеналық көрсеткіш, эстетикалық көрсеткіш тобы, материалдың сыртқы көрінісінің қазіргі сән бағытына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Адамды жаураудан сақтау бұйым пакетіне кіретін материал комплексінің жылуға қарсылығына және ауа өткізгіштігіне керекті жылу изоляциясы қол жеткізеді. Пальтонның жылуқорғағыш функцияларын орындау сезонның жоғарғы маталардың ролі өте жоғары. Қысқы киімнің жылу сақтағыш қасиеті көбінесе жылытатын және желден сақтайтын төсеніш арқылы анықталады.

Жоғарғы материалда ылғал өткізгіштік үлкен маңызға ие, өйткені киімде ылғалдың жиналып қалуы, оның жылу өткізгіштігінің өсуіне және адамның жылу жоғалтуды жоғарылатуға алып келеді. Сонымен қатар жоғарғы киім қабатының өте жоғарғы ылғал өткізгіштігі және гигроскоптығы атмосфера ылғалдылығының интенсивті жұтылуына және киімнің жылуқорғағыш қасиетінің төмендеуіне алып келеді.

Қысқы киім үшін күрделілек материал пакетіне формасақтағыш, жылытатын және желден қорғайтын астарлы және төсенішті жоғарғы мата кіреді. Бұл қысқы киімдерді жақсы жылу сақтағыш қасиеті жүн материалдарынан жасауға мүмкіндік береді, ол жылу қасиеттері бойынша елтірі киімдерден кем емес.

Материал пакетінде желден сақтайтын төсеніштің болмауы киімде жылу сақтағыш қасиетінде желдің әсерінің дәрежесі көбінесе негізгі матаның ауа өткізгіштігінің төмендеуімен білінеді. Жамылғылы пальто желдің жылдамдығына байланысты маталардың ауа өткізгіштігі  $700 \text{ дм}^3 (\text{м}^2 \cdot \text{с})$ . Тағайындалуына және мерзімге байланысты пальтоға арналған маталарға әртүрлі талаптар қойылады.

Пальтолық маталарға қойылатын маңызды талаптардың бірі гигиеналық болып табылады. Пальтолық бұйымдар адам организмін қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларынан ( төменгі температурадан, желден, қардан, жауыннан) қорғау қажет. Төменгі температура мен желді мерзімге арналған материалдар мен бұйымдар аз ауа өткізгіштігімен сипатталынуы қажет. Пальтолық маталарды су жұқтырмайтын сіндірмемен өңдейді. Пальтолық маталарға сондай-ақ эстетикалық талаптар маңызды болып табылады. Маталар әртүрлі көркемделген болуы қажет: тегіс және рельефті маталар, букле типті маталар. Ауа-райына, химиялық тазартуға, үйкеліске және басқа әсерлерге бояуының беріктігі бойынша пальтолық маталар берік және өте берік топқа жатуы қажет. Құрамы 70-100 % жүннен тұратын пальтолық маталарды күйеге тұрақты сіндірмемен өңдеу қажет. Пальтолық маталардың аз қыртыстануы және апшуы үшін арнайы өңдеулерден

өткізеді: жүн маталарын – басу, декатирлеу; мақта және химиялық талшықтарды – аз қыртыстанатын және аз апшитын өңдеуден, ал плащтық маталарды су жібермейтін өңдеуден өткізеді. Әртүрлі модельді пальтоларды дайындау үшін 1м<sup>2</sup> массасын, қаттылығын, драпталынуын, апшуын, сегінеуін және басқа да қасиеттерін ескеру қажет.

Жүн маталарының 1м<sup>2</sup> массасы қыстық әйелдер пальтосы үшін – 500г, маусымдық – 550 г; ерлер пальтосы үшін – 650 г, балалар пальтосы үшін – 600 г. болу керек.

Пальто бұйымдарының конструкциясы бойынша форма тұрақтылығы жоғары, жылу сақтағыш сырт киімге жатады. Оған қыстық, күздік, ерлерге арналған жаздық, әйелдерге және балаларға арналған пальто, курткалар т.б. жатады. Сырт киімге арналған матаның жылу өткізгіштік қасиетіне көп көңіл бөледі. Себебі киімге ылғалдың жиналуы жылу өткізгіштігін жоғарлатады және адамның жылу жоғалтуын көтереді. Таза жүн драптың ылғал өткізгіштігі-95-100, бу өткізгіштігі 40-45. жартылай жүн драптардың ылғал өткізгіштігі 80-90. пальтоға арналған синтетикалық материалдың ылғал өткізгіштігі 60 аспайды.

#### **Өзін - өзі тексеру үшін тест сұрақтары:**

1. Бұйымның әр бөлшегіне форма беру үшін және сол форма киімді кию процесінде сақталуы үшін бұйым пакетіне не қосу керек

- A) өңдеу материалдарын
- B) жылыту материалдарын
- C) әртүрлі астарлық маталар
- D) кешенді дублирленген материалдар
- E) сырылып тігілген астарлы материалдар

2. Материалдың қатандығы жоғарылаған сайын .... Драпталуға әсерін көрсетіңіз

- A) драпталуынуы да нашар
- B) драпталуы жоғарылаған
- C) драпталуы қатандыққа тәуелді емес
- D) бірдей тәуелділік жоқ
- E) ешқандай өзгеріс болмайды

3. Қандай пальтолық-костюмдік маталарға тегіс, беті анық үлкен тоқыма өрнекті сипаттамаларын беруге болады

- A) камвольдық
- B) шұғалық
- C) дөрекішұғалық
- D) камвольді-шұғалы
- E) жүн

4. Пальтолық маталар қандай белгілеріне байланысты камвольді, жұқа- немесе дөрекі шұғалы болып бөлінеді

- A) қолданылған иірім жіптің түріне байланысты
- B) жұмсақтығына байланысты
- C) қаттылығына байланысты
- D) талшық құрамына байланысты
- E) матаның қалыңдығына байланысты

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Орленко, Л.В. Конфекционирование материалов для одежды [Текст] : учебное пособие / Л. В. Орленко, Н. И. Гаврилова. - М. : Инфра-М, 2017. - 287 с.
2. Практикум по материалам для одежды и конфекционированию [Текст] : учебное пособие / В. И. Стельмашенко [и др.]. - М. : ФОРУМ:ИНФРА-М, 2019. - 144 с
3. Бессонова Н.Г., Бузов Б.А. Материалы для отделки одежды. учебное пособие Бессонова Н.Г., Бузов Б.А. - М. : ФОРУМ:ИНФРА-М, 2015. - 144 с

4. Конфекционирование материалов для одежды [Текст] : учебное пособие / Л. В. Орленко, Н. И. Гаврилова. - М. : Инфра-М, 2020. - 287 с.  
<https://new.znanium.com/read?id=349442>

5. Практикум по материалам для одежды и конфекционированию : учебное пособие / В.И. Стсльмашснко, Н.А. Смирнова, Т.В. Розарснова, Ю.В. Назарова - М. : ИД «ФОРУМ» : ИНФРА-М, 2019. — 144 с. — (Высшее образование). - ISBN 978-5-16-103571-9. - Текст : электронный. - URL: <https://new.znanium.com/catalog/product/1020702>